

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ӨНЕР, ӨЛЕҢ ЖӘНЕ ӨМІР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



№20
(4918)
Бейсенбі
19 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Наурыз айында қазақстандықтар Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мерекесіне байланысты қосымша төрт күн демалады.

2026 жылы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні жексенбіге түсіп отыр. Демалыс күніне сәйкес келетіндіктен, ол 9 наурызға ауыстырылады. Сондықтан бес күндік жұмыс аптасында қазақстандықтар 7, 8 және 9 наурыз күндері демалса, ал алты күндік жұмыс аптасында - 8 және 9 наурыз күні демалады (7 наурыз - сенбі).

Наурыз мерекесінде дәстүрлі түрде 21-23 наурыз аралығында демалыс болады. Алайда биыл 21 және 22 наурыз сенбі және жексенбіге түсіп отыр, сондықтан ауыстыру ережелеріне сәйкес, қосымша тағы екі күн қосылады – 24 және 25 наурыз.

Мектеп оқушылары үшін көктемгі каникул 10 күнге созылады – 19 наурыздан 29 наурызға дейін.



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, еліміздегі зейнеткерлер саны 2 млн 538 мың адам болды.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жыл басынан бері зейнеткерлерге төлем жасау үшін бюджеттен 395,2 млн теңге бөлінген. Ал зейнетақының орташа мөлшері 157 843 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 103 931 теңге, базалық зейнетақы 53 912 теңге болып отыр.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Астанада 15 наурызда өтетін референдумда халықтың дауыс беруіне ұсынылған жаңа Конституцияны қолдауға бағытталған ауқымды іс-шаралар қарқынды жүріп жатыр. «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының бастамасымен елорда аумағында 1000-ға жуық іс-шара ұйымдастырылады. Штаб жұмысының басты міндеті – жаңа Конституция жобасын жұртшылыққа түсіндіру және дұрыс ақпарат жеткізу.




ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР БАҚЫЛАНАДЫ

Елордадағы жылы аялдамаларда орнатылған бейнекамералар кезең-кезеңмен Астана қаласы полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылып жатыр.


Соңғы уақытта Астанада аялдама павильондарын әдейі бүлдіру оқиғалары көбейіп кеткен. Осыған байланысты қала әкімдігі мен елордалық полиция бейнебақылау жүйесінің мүмкіндігін кеңейту және нақты уақыт режимінде бақылауды күшейту жөнінде бірқатар шара қабылдады.

«Қаладағы жылы аялдамаларда орнатылған бейнекамералар кезең-кезеңмен Астана қаласы полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылып жатыр. Бұл жаңашылдық полиция қызметкерлеріне онлайн мониторинг жүргізіп, құқық бұзушылықтарға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жүйеге негізінен Сарайшық және Алматы аудандарында орналасқан 20 аялдама павильоны қосылған. Барлық жылы аялдамалардағы бейнелерді біріктіру жұмысы ақпан айының соңына дейін аяқталады деп жоспарланған» делінген хабарламада.



№20 (4918) 19/02/2026 Бейсенбі

АҚОРДА




ҚАЙТА САЙЛАНУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Жапония Премьер-министріне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Санаэ Такаичиді Жапонияның Премьер-министрі лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Президент Жапонияны еліміздің Азиядағы басты серіктестерінің бірі ретінде атап өтті. Сонымен қатар достық пен өзара түсіністікке негізделген кеңейтілген стратегиялық серіктестік қос халықтың игілігі жолында ұдайы нығая беретініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Санаэ Такаичидің аса жауапты қызметіне табыс, ал жапон халқына құт-береке тіледі.

АТА ЗАҢНЫҢ ӨЗЕГІ – ҚҰҚЫҚ ПЕН БОСТАНДЫҚ

Елордада Maqsut Narikbayev University-де алдағы референдумға дайындық аясында жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған сарапшылар кездесуі өтті. Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары, қаржы және IT саласының өкілдері, жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Кездесуді алғысөзбен ашқан Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбек алдағы референдумның ел үшін маңыздылығын атап өтіп, Конституция жобасы мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталғанын айтты. «Жаңа Конституцияның басты мәні – адам және оның құқықтары. Себебі азаматтардың құқықтары мен бостандықтары – Ата заңның өзегі» деді әкім. Жеңіс Қасымбек құжатта «Әділетті Қазақстан» идеясын, «Заң мен Тәртіп» қағидатын, сондай-ақ адами капиталды дамыту мәселелері бекітілгенін еске салды. «Білімге, ғылымға, мәдениет пен инновацияға ерекше назар аударылған, бұл – мемлекеттің стратегиялық басымдығы. Жоба бір палаталы Парламент – Құрылтайды қалыптастыруды, сондай-ақ жалпыұлттық диалогтың жаңа алаңы – «Қазақстан Халық Кеңесін» құруды көздейді» деді қала басшысы.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев азаматтардың құқығын қорғаудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, адамның өмірі, құқығы мен бостандығы – мемлекеттің ең жоғары құндылықтары. Жаңа Конституцияның бүкіл тұжырымдамасы осы қағидатқа негізделген. Ол өз сөзінде жоба ешкімнің еркіндігін шектеуіне жатпайтын, ажырамас әрі айыруға болмайтын құқықтарды бекітетінін және олардың қорғалуға тиіс екенін айтты.

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі Серік Егізбаев кездесуде сөз сөйлеп, тарихи сабақтастық пен адам әлеуетінің басымдығын атап өтті. «Барлық ресурс ең алдымен адам әлеуетін дамытуға бағытталады. Жаңа Конституцияда біздің тарихымыз бен шығу тегімізге ерекше орын берілген. Біз – Ұлы даланың мыңжылдық тарихы бар ежелгі халықпыз. Сондықтан ата-бабамыздан аманат болып қалған қасиетті жеріміз бен шекарамыз бөлінбейтін әрі өзгермейтін ең жоғары құндылық ретінде бекітілген» деді депутат. Ол сондай-ақ жобада алғаш рет дербес деректерді, банк құпиясын, телефон және интернет-хат алмасуларды қорғау, сондай-ақ адвокатура мәртебесіне қатысты нормалар бекітілгенін атап өтті. «Адам өзін заңмен қорғалғанын сезінуі тиіс. Сондықтан адвокаттарға толық тәуелсіздік беріледі, ал әрбір ұсталған адамға оның құқықтары дереу түсіндіріледі. Сот шешімінсіз қамауда ұстау мерзімі қатаң реттелген» деді С.Егізбаев.

Мәжіліс депутаты Марат Башимов жобадағы құқық қорғау әлеуетінің маңызын атап өтті. «Конституцияның құқық қорғау әлеуеті табиғи құқықтар доктринасына негізделген: адам дүниеге келген соң оның құқықтары оған туғаннан тиесілі. Біз жеке, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтардың кепілдіктерін күшейттік. Конституция халық егемендігін бекітеді, ең жоғары заңдық күшке ие және тікелей қолданылады. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – Қазақстан халқы» деді ол. Сонымен қатар М.Башимов құқықтық мемлекет қағидаттарын, Конституциялық соттың тәуелсіздігін, азаматтардың экологиялық құқықтарын және ғылым, білім мен инновация құндылықтарын стратегиялық бағдар ретінде бекіту мәселесін атап өтті.

Сондай-ақ жиында өз ұстанымдары жайлы AIX қаржы директоры Жарас Мұсабеков, Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының төрайымы Ақерке Искандерова және CEO Codiplay Данабек Қалиаждаров өз пікірін білдірді. Олар азаматтардың цифрлық құқықтарының маңызын, IT саласында жас мамандар даярлауды және жастардың қоғамды дамыту ісіне белсенді араласуына тоқталды.

ҮКІМЕТ

ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономиканы әртараптандыру жөніндегі одан арғы тәсілдер қаралды.

Өнімділікті арттырудың негізгі тәсілдері және өнеркәсіп нысандарын технологиялық жарақтандыру туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, «Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, KazFoodProducts компаниясының бас директоры Әлихан Талғатбек, шыны өндіретін OrdaGlass компаниясының өкілі Ғалымжан Қуатов баяндады.



Айдарбек Сапаров ағымдағы ахуал туралы айтты. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласы тұрақты әрі серпінді даму бағытын көрсетуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша: тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3,9 трлн теңгеге жетіп, 8,1%-ға өскен; негізгі капиталға инвестициялар 2 есеге артып, 389 млрд теңгеге жеткен; өткен жылдың 11 айында қайта өңделген өнім экспорты $3,2 млрд құрап, 33,8%-ға артқан.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешені экспортындағы қайта өңделген өнімнің үлесі 52%-ды құрады. «Мұның бәрі – өндірісті әртараптандыру мен қосылған құны жоғары өнімдерді ұлғайтуға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі. Мәселен, егін шаруашылығы саласында егіс алқаптарын әлемдік нарықта сұранысқа ие әрі жоғары рентабельді дақылдарға көшу жүргізілуде. Бүгінде майлы дақылдар егін шаруашылығының табыстылық драйверіне айналды. 2025 жылы олардың өнімі алғаш рет 4,9 млн тоннаға жетіп, 48%-ға өсті. Оның ішінде: күнбағыс – 39%-ға, зығыр – 77%-ға, рапс 2,2 есеге артты. Сонымен қатар, далалық жұмыстарды жүргізуге жылдық 5% ставкамен 12 айдан 15 айға дейінгі мерзімге жеңілдетілген кредиттер бөлінуде. Олардың қайтарымдылығы шамамен 99%-ды құрайды» деді министр.

Келесі маңызды қадам – қайта өңдеу. Осы бағытта, май өңдеу зауыттарының қуатын кеңейту және технологиялық жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2024-2025 жылдары 58 млрд теңгеге жалпы қуаты шамамен 1 млн тонна болатын 4 ірі жоба іске қосылды. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында инновациялық өнім – лецитин өндіру бойынша өндірістік желі пайдалануға берілді. Солтүстік Қазақстан облысында да биылғы жылы лецитин өндіру зауыты іске қосылатын болады. Сонымен қатар алдағы үш жылда 94 млрд теңгеге 13 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Осы шаралардың арқасында күнбағыс майының экспорты 600 мың тоннаға дейін жетіп, Қазақстан әлемдік май экспортында 8-орынға ие болды. «Бұдан басқа, мысал ретінде жоғары сұранысқа ие өнімдердің бірі – жасымық екенін атап өткім келеді. Бұрын біз оны Түркияға шикізат ретінде экспорттап, оны қайта жарма түрінде жоғары бағамен сатып алатынбыз. Қазіргі уақытта Қостанай облысындағы Кайзен, Ақмола облысындағы Гаранти Экспорт және Анка груп, Абай облысындағы Агро Лидер кәсіпорындарының іске қосылуы нәтижесінде ішкі нарық толық қамтылып, бүгінде дайын өнім экспортталуда. Айта кету қажет, Қазақстан жасымық экспорты бойынша әлемде 6-орында және оны одан әрі дамытуда үлкен әлеуетке ие. Жалпы, ағымдағы жылы дәнді-бұршақты дақылдар бойынша 1 млн тонна көлемінде рекордтық өнім жиналып, 56%-ға өсті. Оған қоса, олар – топырақты азотпен байытатын, кейінгі дақылдардың өнімділігін арттыратын жақсы дақылдар. Осыған байланысты егіс алқаптарын әртараптандыру жалғастырылатын болады» деді министр.

Бұдан бөлек, астықты терең өңдеу бағыты да дамуда. Қазіргі уақытта республикада глютен, биоэтанол және крахмал өндіретін 3 кәсіпорын жұмыс істейді, олардың жалпы қуаты 500 мың тоннадан асады. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 6 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Осы ретте шығарылатын өнім түрлері кеңейтіліп, глутамат, треонин, лейцин, лизин сияқты аминқышқылдарын өндіру жолға қойылады. Бұл жобалар Түркістан, Жамбыл, Ақмола, Қостанай облыстарында және Астана қаласында жүзеге асырылады. Мал шаруашылығы өнімдеріне тоқталатын болсақ, бүгінгі таңда елімізде 210 ет өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың қатарына «Қайып ата», «КазБиф», «Бижан», «Кублей» және «ЕМСи Агро» секілді толық өндірістік циклді кәсіпорындары кіреді. Яғни олар мал өсіруден бастап, қайта өңдеп, дайын өнім шығарады. Қазір 41,2 млрд теңгеге 11 жоба жүзеге асырылуда. Қосымша 50 мың тонна қуат енгізілетін болады. Олардың ішінде ең ірілері – Абай облысындағы Евразия Агро Семей және Жамбыл облысындағы ТРЗ Агро компаниялары. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы өнім түрлерін кеңейтуге, өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін арттыруға және саланың экспорттық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сүт өңдеу саласында тұрақты даму және өндірістік әлеуетті арттыру сақталуда. Қазір елде 180 өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Тері мен жүн өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды кезең-кезеңімен қалпына келтіру және жаңғырту жүргізілуде. 2025 жылы ірі нысандар пайдалануға берілді. Олар – Ақтөбе қаласындағы жылына 2,2 мың тонна жүн өңдейтін «Казфелтек» жобасы, Ақмола облысындағы қуаттылығы 2,4 мың тонна болатын «Агро Протеин» азықтық қоспалар өндіру жобасы.

САУДА 26 ПАЙЫЗ ӨСІМГЕ ҮЛЕС ҚОСТЫ

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев ведомство алқасында 2025 жылдың қорытындысын жариялады.

Ресми мәлімет бойынша, сауданың нақты көлем индексі – 108,9%, жалпы экономикалық өсімге қосқан үлесі – 26%, ішкі тауар айналымы – 80 трлн теңге (+14,6%). Өсімнің негізгі драйверлері: Көтерме сауда – 53,5 трлн теңге, бөлшек сауда – 26,4 трлн теңге.

«Соңғы үш жылда алғаш рет салалық инвестициялар тұрақты өсім көрсетті. Соның нәтижесінде инвестиция көлемі 42% артып, 1 229 млрд теңгеге жетті. Сыртқы сауда да оң динамика танытты: сыртқы тауар айналымы – 143,9 млрд долларды, шикізаттық емес экспорт – 41 млрд долларды, қызмет көрсету экспорты 12,3 млрд долларды құрады. Сыртқы сауда балансындағы оң сальдо – 14,2 млрд АҚШ доллары» деді А.Шаққалиев. Министрдің айтуынша, бұл нәтижелер 2026 жылы сауданы әртараптандыру мен шикізаттық емес экспортты кеңейтуге берік негіз қалайды.



АУРУХАНА ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының мүшелері елордадағы №3 көпбейінді қалалық аурухана ұжымымен кездесті. Іс-шара Talks ашық пікір алмасу форматында өтіп, қонақтар мен мекеме қызметкерлері жаңа Конституция жобасының артықшылықтары жайлы ойын ортаға салды.

Іс-шараның модераторы – Amanat партиясы Астана қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек жаңа Конституцияның тарихи маңызын атап өтіп, алғашқы сөзді «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының төрағасы Ерлан Каналимовке берді. Штаб төрағасы медицина саласының қоғамдағы орнын ерекше атап өтіп, конституциялық құндылықтарды жүзеге асырудағы маңызды рөліне тоқталды.

«Конституция – ол адамның құқығы, әлеуметтік сала, қоғамдағы қарым-қатынасты, қауіпсіздікті, адамдарға берілетін кепілдікті айқындайтын құжат. Адам денсаулығын сақтау – Конституцияға сәйкес басты құндылықтардың бірі. Сіздер соны жүзеге асыруға күнделікті үлес қосып жүрсіздер. Жаңа Конституциямыздың жобасында негізгі құндылықтар ретінде адами капитал, қоғамдағы қауіпсіздік, білім мен ғылым айқындалған. Біз жүйеден жеке тұлға адамға өтіп жатырмыз. Мемлекеттен толыққанды медициналық қорғау, сақтандыру, көмек алу Конституциямен бекітіліп отыр» деді өз сөзінде Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ оның айтуынша, жаңа Конституция жобасына сәйкес медициналық мамандардың құқықтарын қорғау ерекше мәртебеге ие болып отыр. Сонымен қатар медициналық технологиялардың дамуы да стратегиялық бағыт болып танылады.

«Медицина мамандарын негізсіз сотқа тарту және қудалау, оларға жалған жала жабуға тыйым салынған. Медицина және жалпы білім мен ғылымды дамыту айрықша назарға алынады. Яғни ол – медициналық зертханалардың, биотехнологиялар мен телемедицинаның дамуы. Мұның бәрі сіздердің емін-еркін ғылыммен айналысуларыңызға жол ашып отыр. Осы құндылықтардың барлығы жаңа Конституцияда үлкен әріппен жазылса, жастарымызға үлкен мүмкіндіктер ашылады» деді Ерлан Каналимов.

Штаб басшысы 15 наурыздағы референдумға шығарылып отырған Ата заң жобасының әлеуметтік сала үшін стратегиялық маңызын атап өтті.

«Конституциямызда басты құндылық адам және адами капитал деп отырсақ, болашағын ойлайтын мемлекет әлеуметтік саласын дамытады. Бұл саланың негізгі кепілдері – зейнетақы, әлеуметтік төлемдер мен қорғау мәселелері барлығы Конституцияның негізіне үлкен әріппен жазылған» деді ол.

Сондай-ақ штаб төрағасы көкейтесті мәселелердің бірі – экология тақырыбына да тоқталды.

«Экология – ол халқымыздың денсаулығы. Таза су мен ауа, қоғамдағы қауіпсіздік – ол медициналық профилактиканың маңызды алғышарты, адам денсаулығына тікелей әсер ететін құндылықтар. Ал олардың бәрі де жаңа Конституцияда жазылған. Ата заңымыз осы мәселелердің бәрін шешуге бағыт-бағдар береді» деді Ерлан Каналимов.

Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, бүкіл Қазақстанға танымал құрметті дәрігер Абай Байгенжин сөз алып, елорданың №3 көпбейінді ауруханасының бай тарихына, қаладағы денсаулық сақтау саласындағы жетекші рөліне тоқталды. Оның сөзінше, жаңа Конституция мемлекеттің институттардың заманға сай дамуына, халық өмірінің барлық салаларына, оның ішінде медицинаға айрықша серпін беріп, стратегиялық міндеттерді орындауға негіз болады. Штаб мүшесі – «Тұран – Астана» университетінің ректоры, Астана қалалық мәслихатының депутаты Гүлжамал Жапарова жаңа Конституция жобасында білім мен ғылымның айрықша стратегиялық бағыт болып бекітілуін ерекше атап өтті. Іс-шараның жалғасында аурухана қызметкерлері өз ойларын ортаға салып, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды. Ұжым жетекшісі – №3 көпбейінді қалалық аурухана директоры Жұлдыз Данбаева Конституция жобасының артықшылықтарын қызметкерлерге жан-жақты әрі қолжетімді форматта түсіндірген штаб мүшелеріне зор алғысын айтты.

ОҚЫТУШЫЛАР МЕН ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ ТАЛҚЫЛАДЫ



«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабы елордалық «Тұран-Астана» университетінің ұжымымен кездесу өткізді. Іс-шара қоғамдық диалог алаңының Давос форматында ұйымдастырылып, еркін пікір алмасуға, ашық сұхбатқа және нақты ұсыныстарға негізделген талқылау алаңына айналды. Кездесуге 350-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы, сарапшылар мен қоғам белсенділері қатысты.

Кездесу барысында Конституциялық бастамалардың стратегиялық бағыттары, қоғамдағы өзекті әлеуметтік-саяси мәселелер және оларды шешудің институционалдық тетіктері кеңінен талқыланды. Бұл алаң азаматтық қоғам, академиялық орта және саяси институттар арасындағы өзара сенімге негізделген, нәтижеге бағытталған диалогтың нақты үлгісін көрсетті. Диалог кезінде бірқатар маңызды бағыт айқындалды. Атап айтқанда, Конституциялық реформалардың маңызын, қоғамдық келісімді нығайтудағы рөлін және халықтың қатысуымен қалыптасатын басқару моделінің өзектілігі айтылды.

«Интеллектуалдық меншікті қорғаудың заңнамалық деңгейде нақты бекітілді. Яғни елдің инновациялық дамуы үшін стратегиялық маңызды қадам болмақ. Бұл шешім идея авторларының, стартап жобалардың және креативті сала өкілдерінің еңбегін қорғап қана қоймай, жаңа бастамалардың еркін дамуына институционалдық негіз қалыптастырады» деді Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ интеллектуалдық меншікті қорғаудың заңнамалық деңгейде бекітілуіне қоса, отбасы институтын нығайтуға бағытталған құндылық нормалары қоғамдық талқылаудың өзегіне айналды.

«Некенің ер мен әйелдің ерікті және тең құқықты одағы ретінде заң жүзінде бекітілуі – дәстүрлі құндылықтарды қорғаудың және отбасы институтын нығайтудың маңызды құқықтық негізі. Бұл норма әйелдердің құқықтарын қамтамасыз етіп, отбасындағы теңдік пен жауапкершілік қағидаттарын күшейтеді» деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Снежанна Имашева.

Кездесу соңында тараптар форматтағы диалог алаңдарының маңыздылығы жоғары екенін атап өтіп, қоғамның түрлі топтарын біріктіретін тұрақты коммуникациялық платформаларды дамыту қажеттігін жеткізді.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» мемлекеттік мекемесінде конституциялық реформаларды түсіндіруге арналған кездесу өтті. Кездесуге Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Башимов қатысып, конституциялық өзгерістердің мәні мен маңызына жан-жақты тоқталды.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Спикер сөзінде реформалардың басты мақсаты – адам құқықтарын қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы әділеттілікті арттыру екенін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа конституциялық қағидаттар халықаралық стандарттарға негізделген.

– Конституцияда жазылған барлық принциптер, ең алдымен, адам құқығын басты назарға алып жасалған. Оның ішінде халықаралық конвенциялардың, Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы құжаттардың, еуропалық конвенциялардың негізгі қағидаттары көрініс тапқан. Бұл – Қазақстанның халықаралық құқықтық кеңістіктегі орнының нығаюы, – деді депутат.

Сонымен қатар, ол Конституция преамбуласында Ұлы даланың мыңжылдық тарихы, дала демократиясы мен дала құқығының дәстүрлері айқын көрініс тапқанын атап өтті. «Бұл – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің тарихи негіздерін айқындайтын маңызды тұжырымдар» деді ол.

Оның айтуынша, қазіргі реформалар «кешенді саяси реформа» ретінде жүзеге асырылып жатыр. Жеке, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтардың барлығы өз орнын тапқан. Әсіресе, жеке тұлғалардың құқықтары саласында жеке деректерді қорғау мәселесіне ерекше мән берілген. «Қазіргі заманда жеке ақпараттың қорғалуы аса маңызды. Сондықтан Конституцияда жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке деректерді қорғау принциптері нақты айқындалды. Бұл бағытта мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жауапкершілігі арта түседі» деді депутат.

Кездесу барысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, реформалардың мазмұны мен маңызы кеңінен түсіндірілді.

ЖОБАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР АЙТЫЛДЫ



Елордадағы сауда желілерінің өкілдеріне елдегі Конституциялық реформаларды түсіндіру жиыны өткізілді. Іс-шараға спикер ретінде Астана қалалық мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова қатысты. Депутат алдымен Ата заңдағы бизнес саласына қатысты баптардың қалай жетілдірілгеніне тоқталды.

Райхан РАХМЕТОВА

– Мәселен, 5-бапты алып қарасақ, қазіргі және жаңа жобадағы Конституцияда айырмашылық бар. Салықтық өзгерістерге қатысты көбіңізде сұрақ бар, осы ретте жаңа Конституция бизнес қоғамдастыққа Халық кеңесі қызметін ұсынады. Бизнес өкілдерінің Халық кеңесі арқылы Салық кодексіне өзгерістер енгізуге толық мүмкіндігі бар деп жазылған, – деді Л.Разбекова.

Сонымен бірге ол мемлекеттік билік деңгейінде қандай өзгерістер болатыны туралы баяндады.

– Бірінші кезекте Парламент, Төменгі палата, Жоғары палата, Мәжіліс, Сенат, барлығы бір Парламент болады. Демек билік бір ғана институттың немесе Президенттің қолында шоғырланбайды. Билік Президент, Парламент, Үкімет және Сот, осы төрт тарапқа бөлінеді де, олар бір-бірін тежеп, бәсекелес орта қалыптасады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелінің азаюына септік етеді. Ал бұрын бізде бір ғана мықты Президенттік жүйе ғана болды. Бұрын заң шығарушы орган тек Парламент болса, жаңа жоба бойынша екеу болады, бірі – Құрылтай, екіншісі – Халық кеңесі, – деді депутат.

Конституциялық комиссияға 10 мыңға жуық сауал келгенін жеткізген мәслихат депутаты соның 90 пайызы мемлекеттік тілге қатысты болғанын айтты. Осылайша ол жаңа Конституция жобасындағы 9-баптың мән-мағынасын кәсіпкерлерге түсіндіріп, ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілінің мәртебесі қашан да жоғары тұратынын, өзіне сенімді ұлт, әрбір азамат ана тілінің беделін түсірмеуде өзі үлгі көрсетуі керек екенін атап айтты.

№20 (4918) 19/02/2026 Бейсенбі



ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛДЫ

Елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында қаланың одан әрі дамуы мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды мәселелер қаралды.

Отырыс барысында депутаттар аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамына қатысты бұрын қабылданған шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін талқылады. Бұл шаралар жергілікті деңгейде сайлау үдерістерінің ашықтығын, айқындығын және заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

– Ерекше назар қолжетімді орта қағидаларын бекітуге аударылды. Әңгіме барлық санаттағы азаматтар үшін, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарт адамдарға және балалы ата-аналарға қолайлы әрі қауіпсіз жағдайлар жасау туралы болып отыр. Қабылданған шешімдер – инклюзивті қалалық инфрақұрылымды дамытудағы маңызды қадам. Сондай-ақ жазасын өтеп шыққан адамдарды әлеуметтік қолдау шараларын үйлестіруге бағытталған консультативтік-кеңесші орган құру мәселесі қаралды. Бұл бастама олардың әлеуметтік бейімделуіне және қоғамға толыққанды оралуына ықпал етеді, – деді мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Бұдан бөлек, мәслихаттың жекелеген шешімдерінің күшін жою туралы мәселе күн тәртібіне енгізілді. Бұл нормативтік-құқықтық базаны өзектендіруге және оны қолданыстағы заңнама мен заманауи талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

15 наурызда Конституцияның жаңа жобасын қабылдауға арналған референдум өтеді. Осы орайда Астанада халық санының өсуіне байланысты сайлау учаскелері мүшелерін және аудандық сайлау комиссияларын жаңартылған құрамын бекіту сұрақтары да сессияға шығарылып, бекітілді. Біршама әкімдіктің комиссияларының құрамына өзгеріс енгізу бойынша сұрақтар да шешімін тапты. Жалпы қаралған 6 сұрақтың ішіндегі өзектісі Астана қаласында қолжетімді ортаны қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы болды. Депутаттар бұл қағиданы бейімді тұрақты комиссияларда, бөлек отырыстарда қарағандықтан, қағида бір ауыздан қабылданды.

ӨНДІРІСТЕГІ ОЙТАЛҚЫ

Астана қаласындағы Индустриалды №1 парк аумағында орналасқан «Stadler Kazakhstan» ЖШС ұжымымен «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық штабы көшпелі кездесу өткізді.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Іс-шара Конституцияның жаңа жобасын талқылау және еңбек ұжымдары арасында конституциялық реформалардың мәні мен маңызын кеңінен түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. Кездесуге зауыт қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және сарапшылар қатысты.

– Жаңа Конституция – әділетті қоғам құрудың берік құқықтық негізі. Оның басты өзегі – адам құқығы мен заң үстемдігі. Бүгін өндіріс ұжымымен кездесу – реформаларды түсіндірудің және қоғамның барлық саласын осы маңызды үдеріске тартудың нақты көрінісі. Зауыт бар жерде – өнеркәсіп бар, өнеркәсіп бар жерде – қуатты мемлекет бар. Жаңа Конституцияның мәні де осында: еңбекке, өндіріс мәдениетіне және нақты өнім өндіретін адамдарға құрмет. Конституция жобасында Қазақстанның әлеуметтік мемлекет екені, онда ең жоғары құндылық – адам және оның еңбегі екені нақты көрсетілген. Бұл болашақ экономиканың нақты өндіріс, технология және өнеркәсіптік тәуелсіздікке негізделетінін білдіреді, – деді Жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық штабының басшысы Ерлан Каналимов.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев конституциялық өзгерістердің ауыл шаруашылығы, өндіріс және өңірлік даму салаларына ықпалына тоқталды. Ал Астана қаласы әкімдігі жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Зұлфухар Ғайыпов азаматтық қоғам институттарының конституциялық реформаларды қолдаудағы және түсіндірудегі жауапкершілігін атап өтті.

Кездесу барысында конституциялық реформаның негізгі бағыттары – әділеттілік қағидатын нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ адам капиталын дамыту мәселелері кеңінен түсіндірілді. Өндірістегі ойталқыға қатысушылар жаңартылған Конституция нормаларының білім беру жүйесіне, өндірістік кадрларды даярлауға және жас мамандарды қолдауға ықпалы жөнінде пікір алмасты. Зауыт қызметкерлері өздерін толғандырған мәселелерге нақты жауап алды.

Астана қалалық штаб өкілдерінің айтуынша, мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2026 жылғы ақпан айында «Астана қаласының ішкі саясат басқармасының мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі қызметі және халықты қаланың мемлекеттік органдары мен қызметтерінің жұмысы туралы ақпараттандырудың тиімділігі туралы» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Көпшілік тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-36, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2026 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Елорданың тұрғын алаптарын дамыту мәселелері мен келешегі туралы (сумен жабдықтау, кәріз, көлік инфрақұрылымы)» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл.пошта: astana@maslihat01.kz.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖҮЙЕЛІ ЖАҢҒЫРУ КЕПІЛІ

Алматы ауданында жаңа Конституция нормаларын түсіндіру бойынша кездесу өтті. Іс-шараға Конституциялық кеңестің мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, профессор Марат Башимов пен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев спикер ретінде қатысып, конституциялық реформаның басым бағыттарын кеңінен баяндады.

Аудан әкімі Рүстем Тәуекелов конституциялық реформаның маңызына тоқталды.

– Конституциялық реформаның басты мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік саясаттың өзегіне айналдыру, саяси жүйені жаңғырту және халықтың мемлекеттік басқаруға қатысу тетіктерін кеңейту. Жаңа конституцияда алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы ретінде бекітілді. Әділеттілік, заң және тәртіп қағидаттары конституциялық деңгейде айқындалды. Цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғау нормалары енгізілді. Білім, ғылым және инновация мемлекет дамуының негізгі бағыты ретінде белгіленді. Бүгінгі кездесудің мақсаты – осы нормалардың мәнін терең түсіну және қоғаммен ашық диалог жүргізу, – деді ол.

Мәжіліс депутаты Павел Казанцев өзгерістердің тарихи мәнін айрықша атап өтті. «Бүгінгі Конституциядағы өзгерістер – жай ғана түзету емес, бұл еліміздің жаңа кезеңіне сай жүйелі жаңғыру. Қазіргі жоба адам құқықтарын мемлекеттік саясаттың өзегіне айналдырып, білім мен ғылымды стратегиялық басымдық ретінде бекітіп, цифрландыру мен заманауи басқару тетіктерін күшейтеді. Басты мақсат – әлемдік тұрақсыздық жағдайында шешім қабылдау үдерісін жеделдетіп, мемлекеттің тиімділігін арттыру. Сондықтан әрқайсымыз бұл мәселеге эмоциямен емес, жауапкершілікпен қарап, саналы таңдау жасауымыз қажет» деді депутат.

Марат Башимов баяндамасында жұмысшылардың құқықтарына ерекше назар аударды. Депутаттың айтуынша, соңғы жылдары қысқа мерзімді еңбек шарттары, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуының әлсіреуі қоғамда көп мәселелер туғызған. Осыған байланысты жаңа Конституция аясында еңбек ету құқығы нақты әрі күшейтілген түрде бекітілді, енді осы заңға сәйкес жұмысшылардың құқығы, нақтылап айтсақ, жалақы, демалыс алу және еңбек шарттарының айқындығына дейін заңнамалық деңгейде қайта қаралады. «Бұл қарапайым азаматтардың құқықтарын нақты қорғауға бағытталған маңызды қадам болмақ» деді депутат. Сонымен қатар ол цифрлық дәуірде азаматтардың жеке деректерін қорғау аса маңызды екенін айтып, цифрлық ақпарат қауіпсіздігін Конституция деңгейінде бекіту жөніндегі өз ұсынысы қолдау тапқанын да атап өтті.

Кездесу соңында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, өзара пікір алмасты.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҚАТАРДАН ҚАЛМАЙДЫ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігінің ғимаратында аудандық Ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті.



Шапағат ӘБДІР

Конференцияға Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамов, Астана қаласы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев және кеңес мүшелері қатысты.

Жиын барысында Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамов 2021-2025 жылдар аралығындағы атқарылған жұмыстар туралы есептік баяндама жасап, ардагерлер қозғалысын дамыту бағытындағы негізгі нәтижелерге тоқталды.

«Есепті кезеңде аудандық Ардагерлер кеңесі ардагерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасауға және жастармен сабақтастықты нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізді. Кеңес жұмысы әлеуметтік қолдау көрсету, мәдени-рухани шараларға тарту және ардагерлердің өмір сапасын жақсарту бағытында жүзеге асырылды» деді.

Төрағаның айтуынша, бүгінде аудан бойынша 12 мыңға жуық зейнеткер тіркелген. Олардың қатарында тыл еңбеккерлері, жалғыз тұратын қариялар, сондай-ақ ерекше тарихи тағдыр иелері бар. Кеңес тарапынан бұл азаматтарға тұрақты түрде әлеуметтік және тұрмыстық қолдау көрсетіліп келеді.

«Біздің басты міндетіміз – әрбір ардагердің жанынан табылып, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ету. Осы бағытта жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмек көрсету, азық-түлікпен қамтамасыз ету, қыс мезгілінде тұрмыстық көмек ұйымдастыру тұрақты түрде жүзеге асырылды» деді Қ.Намазшамов.

«Алдағы уақытта ардагерлер ұйымының жұмысын күшейтіп, жаңа мүшелерді тарту, тыл еңбеккерлерінің мәртебесін арттыру мәселелерін көтеру және әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру бағытында жұмыс жалғасады» деді Қуаныш Намазшамов.

Осылайша іс-шара соңында ардагерлердің бір дауыстан қолдауының нәтижесінде Байқоңыр аудандық Ардагерлер кеңесінің алдағы бес жылдағы төрағасы қызметіне бір ауыздан Қуаныш Намазшамұлы қайта сайланды.





ЗАУЫТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жаңа Конституция – еліміздің болашағына бағытталған маңызды құжат. Онда мемлекеттің негізгі қағидаттары нақты айқындалып отыр. Соның бірі – жауапты патриотизм. Бұл – тек сөз емес, өз еліңе адал болу, заңды құрметтеу, адал еңбек ету және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну. Осыған орай Ата Заң ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Respublica фракциясының бас менеджері Рауан Қалиев, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бақдәулет Жанділдаев Metal Former зауыты мен «Stahlbau» арнайы техника, машина жасау зауытының жұмысшыларымен кездесті.

– Конституция – бұл Негізгі заң ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесінің, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың, сондай-ақ азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілдігі қалыптасатын берік іргетас. Жүргізіліп жатқан конституциялық реформа – Әділетті Қазақстанды құру бағытының заңды жалғасы. Оның басты мақсаты – өкілетті қайта бөлу, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейту, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру және азаматтық қоғамның рөлін нығайту, – деді Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бақдәулет Жанділдаев.

– ҚР жаңа Конституциясы – ел дамуының стратегиялық бағдарларын айқындайтын маңызды құжат. Ол қазіргі заманның сын-қатерін ескеріп қана қоймай, болашақ мүмкіндіктерге жол ашады. Жаңа ережелер орнықты экономикалық өсімге, тұрақтылыққа және қоғамдағы сенімді нығайтуға бағытталған. Бұл өндіріс саласы үшін де аса маңызды. Себебі тұрақты мемлекет қана тұрақты өндіріс пен сенімді болашақтың кепілі бола алады, – дейді Metal Former зауытының цех басшысы Арман Әбдіров.

АРДАГЕРЛЕР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

«Әділ және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» коалициясы елдің жетекші қоғамдық-саяси күштерін біріктірді. Оның құрамына 5 саяси партия мен 300-ден астам қоғамдық ұйымның өкілдері кірді.

Халық Конституциясы коалициясының аудандық штаб мүшелері Астана қаласы Алматы ауданының ардагер активімен кездесті. Жиынды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, коалиция штабының мүшесі М.Мұстафин жүргізді. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Имашева, аудандық штаб мүшелері М.Еркетаев, Б.Ысқақова, Г.Айталақова, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары және аудан ардагерлері қатысты. Кездесуді мәжілісмен С.Имашева алғысөзбен ашты. Ол жиналғандарды ҚР жаңа Конституциясы жобасының негізгі ережелерімен таныстырды. Сөз барысында барлық ардагерлерді, қала тұрғындарын 15 наурызда өтетін республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырды. Г.Айталақова да кездесуге келген белсенді ардагерлерді еліміздегі маңызды оқиғадан тыс қалмауға үндеді.

– Ардагерлер өскелең ұрпаққа үлгі болуы керек. Жаңа Қазақстанға біздің өміріміздің әл-ауқатын, сапасын жақсарту үшін жаңа шешімдер қажет. Прогрессивті мемлекет боламыз десек, әркім алдағы референдумға қатысып, таныстарын, көршілерін, достарын үгіттеп, азаматтық белсенділік танытса игі, – М.Еркетаев.

«Түркістан» бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Р.Ысқақова, «Есенаман» бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы М.Бегежанов, еңбек ардагері У.Дүйсенова және басқалар жаңа Конституция жобасын қолдап, 15 наурызда республикалық референдумға қатысатынын айтты.

Кездесуді қорытындылай келе, М.Мұстафин: «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қазақстандықтардың жаңа буыны үшін қажет, ал цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекетімізді жоғары дамыған елдер қатарына шығарады. Біз үшін ең бастысы – адам капиталы. Елімізде бай жер қойнауы бар, ал прогрессивті жастар көп жұмыс істейді. Ғылым, инновация технологиялары экономикада қуатты серпіліс жасауға мүмкіндік береді. Біз әрқашан біртұтас болуымыз керек, тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді сақтауымыз қажет. 15 наурызда бәріміз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына дауыс берейік!» деді.

Іс-шара соңында Алматы ауданының ардагерлері жалпыұлттық коалиция аудандық штабы мүшелерінің өтініштерін қолдап, жаңа Конституция үшін референдумда дауыс беретінін жеткізді.

Раиса АГИБАЕВА,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының төрағасы

ӘДІЛДІК ПЕН АШЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет саласында заң талаптарының қатаң сақталуы – әділдік пен ашықтықтың негізгі кепілі. Алайда Астана қаласындағы орталық мемлекеттік органның бір департаментінде жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру барысында бірқатар елеулі заң бұзушылық анықталды.

Жоспардан тыс тексеру азаматтың өтініші негізінде жүргізіліп, қызметтік тергеу материалдары, комиссия отырысының бейнежазбалары және қызметкерлердің түсініктемелері зерделенген. Нәтижесінде қызметтік тергеу рәсімдері қолданыстағы қағидаларға сәйкес жүргізілмегені белгілі болды. Атап айтқанда, тәртіптік теріс қылық туралы қызметтік жазба келіп түскеннен кейін, қызметтік тергеу тағайындау туралы бұйрық заңда белгіленген бес жұмыс күні ішінде емес, кешігіп шығарылған. Сонымен қатар бұйрықта тергеу нақты қай мемлекеттік қызметшілерге қатысты жүргізілетіні көрсетілмеген.

Бастапқыда бір қызметкерге қатысты болған қызметтік жазбаға қарамастан, іс жүзінде қызметтік тергеу бірнеше мемлекеттік қызметшіні қамтыған. Бұл ретте олардың біреуі еңбек демалысында бола тұра, оған қатысты тергеу тоқтатылмаған.

Қызметтік тергеу барысында барлық қызметкерден қосымша жазбаша түсініктемелер алынбаған, жинақталған материалдармен толық таныстырылмаған. Тергеу нәтижелері бойынша жасалған қорытындыда нақты дәлелдер мен уәждер көрсетілмеген.

Тәртіптік комиссия отырысында тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілер толық әрі жан-жақты зерттелмей, тек бір қызметкердің ғана түсініктемесі тыңдалған.

Аталған жағдайлар мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының бұзылғанын көрсетеді. Қызметтік тергеу тәртібінің сақталмауы әділ шешім қабылдауға күмән тудырып, мемлекеттік органдарға деген қоғамдық сенімге нұқсан келтіреді. Мемлекеттік қызметте әрбір тәртіптік іс заң аясында, ашық және әділ жүргізілуі тиіс.

Тексеру қорытындысы бойынша мекемеге заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жолданды. Нәтижесінде тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрықтың күші жойылып, өтініш иесінің құқығы қалпына келтірілді және заң бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Майлықожа көшелерінің қиылысы ауданында Бытығай тұйық көшесі мен Астана қаласындағы Болашақ көшесі егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды. «Көпфункционалды сауда кешені» нысанын орналастыру бөлігінде.

Тапсырыс беруші «Астана Боттлерс» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 19 наурызда сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайында өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ

Қазіргі қоғамның даму деңгейі ең алдымен осал топтарға деген көзқараспен өлшенеді. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға толыққанды интеграциялау, әлеуметтендіру – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Бұл бағыттағы ең тиімді әрі ұзақ мерзімді жолдың бірі – еңбекке тарту. Демек, еңбек – жалпы азаматтар мен мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтендірудің негізгі құралы.

Мүмкіндігі шектеулі адам үшін жұмыс тек табыс көзі ғана емес. Ол – өзін қоғамның қажет мүшесі ретінде сезіну, әлеуетін іске асыру, психологиялық тұрғыдан орнығу. Сондықтан Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселесі заңнамалық деңгейде реттеліп, бірқатар мемлекеттік бағдарлама арқылы іске асып келеді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек етуге, кәсіби білім алуға, қайта даярлануға құқығы бар. Заңда олардың денсаулық жағдайына байланысты еңбек шартын икемдеу, қысқарған жұмыс уақыты, қосымша демалыс беру секілді шаралар қарастырылған.

Мүгедектік топтары және еңбекке қабілеттілік

Қазақстанда мүгедектік 1, 2 және 3-топқа бөлінеді:

– 1-топтағы мүгедектер – денсаулығында ауыр шектеулері бар азаматтар. Олар үшін еңбек көбіне арнайы жағдай мен жеке қолдауды қажет етеді, алайда қашықтан жұмыс, шығармашылық немесе кеңес беру қызметтері қолжетімді болуы мүмкін.

– 2-топтағы мүгедектер – белгілі бір шектеулері бар, бірақ еңбек етуге қабілетті адамдар. Олар икемді жұмыс режимімен, арнайы бейімделген ортада түрлі салада жұмыс істей алады.

– 3-топтағы мүгедектер – еңбекке қабілеті жоғары, көп жағдайда жалпы еңбек нарығында жұмыс істеуге мүмкіндігі бар азаматтар.

Жұмыс түрі медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы мен адамның жеке мүмкіндіктеріне қарай анықталады.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекке дайындау ісімен жергілікті мансап орталықтары, әлеуметтік қорғау органдары айналысып, оларға кәсіби бағдар беріп, қайта оқыту курстарына жолдайды. Бүгінде мемлекет тарапынан:

* қысқа мерзімді кәсіптік оқыту;
* жаңа мамандықтарға қайта даярлау;
* кәсіпкерлікке баулу;
* гранттар мен шағын несиелер беру сияқты тетіктер іске қосылған. Бұл мүгедектігі бар жандардың тек жалдамалы жұмысшы ғана емес, жеке кәсіп иесі ретінде де қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қоғамдық көзқарас – басты кедергілердің бірі. Әрине, заң бар, бағдарламалар бар. Алайда басты мәселенің бірі – қоғамдағы көзқарас. Көп жағдайда сау адамдар мүгедек жандардың жұмыс істеу қабілетіне күмәнмен қарайтыны, оларды әлсіз, тәуелді ретінде қабылдайтыны – қоғамда байқалған құбылыс. Бұл – терең орныққан стереотип. Мұндай көзқарасты өзгерту үшін:

– инклюзивті білім мен ақпараттық саясат;

– табысты мүгедек жандардың тәжірибесін көрсету;

– жұмыс орнында инклюзивті мәдениет қалыптастыру қажет деп ойлаймын.

Өз ойымша, тәжірибеме сүйене отырып, мүгедектігі бар адамға аяушылықпен қарау да, кемсіту де – бірдей зиян. Ол ең алдымен кәсіби маман, әріптес ретінде қабылдануы тиіс.

Мүгедек адамның сау адамдармен бір ұжымда жұмыс істеуіндегі басты қиындық – жасырын кемсітушілік пен артық аяушылық. Бұл адамның өзін төмен сезінуіне, қоғамнан шет қалуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін:

– жұмыс берушілерге инклюзия мәдениеті бойынша оқыту;

– ұжым ішінде этика мен тең қарым-қатынасты қалыптастыру;

– ашық диалог пен түсіндіру жұмысын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Инклюзивті қоғам тек пандус пен лифт емес, ол – ең алдымен, санадағы қолжетімділік.

Бір кездері «Кедергісіз қала» бастамасы аясында бірқатар жұмыс атқарылды. Қазіргі таңда да ілгерілеу бар, бірақ мәселе толық шешілді деу қиын. Көптеген нысанда пандустар формалды түрде жасалған, көлік, жаяу жүргінші жолдары, қоғамдық ғимараттар әлі де толық бейімделмеген.

Қалалық ортаның қолжетімділігі – мүгедек адамның жұмысқа барубармауын анықтайтын шешуші факторлардың бірі.

Қазақстанда жұмыс берушілер үшін мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа алуға квота жүйесі енгізілген. Қызметкерлер санына қарай 2-4 пайыз аралығында мүгедек адамдарды жұмысқа қабылдау міндеттеледі. Сонымен қатар мемлекет тарапынан:

– жалақыны субсидиялау;

– салық жеңілдіктері;

– арнайы жұмыс орнын жабдықтауға қолдау сияқты ынталандыру шаралары қарастырылған. Дегенмен кейбір жұмыс берушілер бұл талаптарды формалды түрде орындайды немесе мүлде айналып өтеді. Сондықтан бақылау мен ынталандыру тетіктерін күшейту маңызды. Мүгедек жандардың жұмыс істеуге деген ынтасы бар. Көпшілігі қоғамға пайдасын тигізіп, өзін дәлелдеуге ұмтылады. Алайда олардың сұранысына сай жұмыс орындарының тапшылығы, қолайлы ортаның жоғы, әлеуметтік кедергілер бұл ниетті тежеп отыр.

Ең бастысы – мүгедек адамды «көмекке мұқтаж» объект ретінде емес, ресурс пен әлеует иесі ретінде қабылдау. Мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекке тарту – әлеуметтік жәрдем емес, әділеттілік мәселесі. Бұл – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Заңды іске асыратын да, ортаны қалыптастыратын да – адамдар.

Инклюзивті қоғам дегеніміз әр адамның мүмкіндігі ескерілетін, еңбегі бағаланатын, қадірі қорғалатын қоғам деп білемін.

Мейрамгүл ИМАШЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығы халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс бөлімінің басшысы

№20 (4918) 19/02/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
23 АҚПАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Қанатсыз құстар» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:10 «Бір сен үшін» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 «Жат бауыр» телехикаясы.
14:15 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
15:00 «Ақорда»
15:15 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «БІР СЕН ҮШІН» телехикаясы.
19:00 ТҰСАУКЕСЕР! «СЕЗІМ МЕН СЕРТ»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» телехикаясы
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
1:25 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.

05:00 Телесериал. «Восточные сладости»
07:00 «Оян!»
09:00 «Дәстүр»
09:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11:30 «Қоғам пікірі» саяси ток-шоуы
12:30 «ОйнаIQ»
13:30 «Көзқарас»
14:30 Мультсериал «Лунтик»
15:00 Телесериал «Восточные сладости»
19:00 Новости
19:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
21:30 Жаңалықтар
22:00 Телехикая «Достық 13»
23:00 Телесериал. «Влюбленные женщины»

ASTANA TV

06.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
07.00 «Алпарслан» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.15 «Қорғансыздар» телехикаясы
11.50 «Қош келдіңіз» телехикаясы
13.30 «Моя большая казахская семья» к/ф
16.00 «Искушение» телесериал
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
